

білдіруіне назар аударылады.

Ұлттық дәстүр бір қалыпта қатып қалмағандықтан, заман көшіне ілесіп түрленіп отырады. Уақыт өзгерген сайын адамның өмірге деген көзқарасы басқаша болып, ұстанған салт-дәстүрі жаңа қоғамға бейімделеді.

Елбасы Н. Назарбаев: «Біз демократия мен нарықтық экономиканы принципті түрде жақтаймыз. Алайда, әр қоғамның өз ерекшелігі бар, ол қалайда, ескерілуге тиіс қайталанбас этно-мәдениетке, діни, тарихи қасиеттерге ие. Ал енді кімде-кім мұны түсінбесе, кімде-кім ет жақындық және рухани тұрғыда өз халқының мәдени кейіпінде болмаса, онда ол өз тамырын ғана жоғалтып қоймай, сонымен бірге одан кез келген басқа мәдениет терісі айналады. Бұл тура мағынасындағы да, оның агрессияшыл көрінісі тұрғысындағы да мәңгүрттікке бастайтын тура жол», - деп біздің қоғам үшін аса көкейкесті мәселе туралы айтқан болаын. Бүкіл әлем халықтары өміріне жаһандану үрдісі дендей еніп келе жатқан бүгінгі күнде өз тәуелсіздігіне кеше ғана, өткен ғасырдың соңында қол жеткізген Қазақстан үшін Елбасы ескертіп оырғандай, өз келбетінен айырылып қалмау мәселесі - өзекті де өткір. Жаһандану аясында ұлт ретінде жойылып кетуге апарып соқтыруы мүмкін рухани мәңгүрттіктен сақтану, алдын алу шараларын бүгінгі күннен бастаған жөн. Ол үшін қажетті алғышарттардың бірі - ұлттық өнердің сақталуы мәселесі.

Қазақ телеарналарынан алдағы уақытта Алаштың мұңын мұндап, Қазақтың жоғын жоқтап, еліміздің өлгенін тірілтіп, өшкенін жандыратын телебағдарламалар мен арнайы хабарлар көп боларына сенім мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тұрсын Қ. Қазақ тележурналистикасы: қалыптасу, даму проблемалары. – Алматы, 2010.
2. Бисмильдина Д. Ресми телехабарлар тілі. – Астана, 2013.
3. Әбдіжәділқызы Ж. Тікелей эфир табиғаты. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.

## БАСПАСӨЗДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТАҚЫРЫБЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨКЕЙКЕСТІЛІГІ

*Рамазанова Ж.С., ф.ғ.к., доцент,  
Шарипжанова А., магистрант  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Тәуелсіздік алған жылдан бері Қазақстанның қоғамдық-саяси және экономикалық-әлеуметтік өміріндегі реформалық ірі өзгерістермен БАҚ нарығында да айтарлықтай өзгерістер орын алғаны мәлім. БАҚ нарығында мемлекеттік БАҚ-пен қатар жеке меншік саналатын ірі-ірі медиамагнаттар иелігіндегі масс-медиа дүниеге келді. Бұл үдеріс, әрине БАҚ алаңындағы ақпараттардың берілу әдістерімен қатар, олардың өңделуін, бұқараға жеткізу және ұсына білу әдістерін де өзгертті. Нарық ойыншылары саналатын әрбір БАҚ-тың өз аудиториясы мен қоғамдық сананы билеп-төстеуге ұмтылған саясаты қашан да елдегі саяси оқиғалармен қатар өрбіп отыр. Уақыт өте жіктеліп, құрылтайшылары мен шығармашылық редакциялық топтың ұстанған позициясына қарай жаңа бағыт, жаңа сарындағы БАҚ нарығы дүниеге келді. Бұл нарықта мемлекеттік сипаттағы БАҚ-пен қатар, оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы БАҚ өзара бәсекелістік алаңына шықты.

Мониторингтің алғашқы кезеңінде түрлі позициядағы мерзімді басылымдардағы материалдарда ұлт және ұлттық құндылықтарды айқындаушы көптеген мағыналық факторларға талдау жасалды. Билік тарапындағы «Егемен Қазақстан», ұлттық және тәуелсіз апталықтар «Ана тілі» және «Жас қазақ» және оппозициялық сипаттағы «Жас Алаш» газеттеріндегі ұлттық мәселе тараптан жазылатыны осы басылымдардың ұстанған позициясына қатысты болатыны заңды.

Қазақ тілінің мәселесі – БАҚ-тағы ең көп әрі жиі қозғалатын тақырып екендігі шындық. Ұлттық құндылықты айқындаушы фактор ретінде қазақ тілінің түлесі, қазақ тілін қызғыштай қору, қазақ тілін шет тілдерінің ықпалынан тазалау сияқты мәселелердің көбінде ұлттық апталық «Ана тілі», тәуелсіз басылым «Жас қазақ», мемлекеттік басылым «Егемен Қазақстанда» да өткір жазылуы, өзектілігін таңбалап басып көрсетуі де қазақ ұлтынан қазақ еліне бастайтын басты факторлардың бірі екендігін әйгілей түседі.

Қазақстандықтарды біріктіретін және әрбір азаматты ойландыратын ортақ мәселе – ұлттар мен

этностар арасындағы байланыс. Міне, осы мәселелердің өзі БАҚ бетіне еліміздің көпдінді зайырлы мемлекет, барлық ұлттардың тең құқықтығы, ұлтаралық бірлік сияқты тақырыптың жиі әрі орынды қозғалуы да еліміздегі «ұлттық мәселенің» бұқаралық құбылыс ретінде көпшілікке ортақтығын тағы бір дәлелдей түседі.

Қазақстандық бұқара үшін көпшілік құбылыс – отансүйгіштік мәселесі болса керек. Бұл өте күрделі және көпкомпенетті ұғымдар қатарында. Өйткені әрбір индивид үшін де, қоғамдағы жалпы бұқара үшін де отансүйгіштік категориясы түрліше сипатта, түрліше оқиғаларда айқындалатыны бар. Бұл Қазақстан жағдайында туған ел мен жерге деген сүйіспеншілікпен қатар, еліміздің жаңашыл мемлекет, үлкен мүмкіндіктер елі, экономикалық игілікті қалыптастыру әрі сақтау жолында дамыған ел ретінде мақтаныш сезімі, ғылым, мәдениет, спорт салаларындағы жетістіктерге деген мақтаныш рухы, демократиялық үрдістерді қабылдау, құндылықтарды ұстану және оларды жүзеге асырудағы мемлекеттік саясат сияқты дискреттік (уақытша) ұғымдар қатар жүретін күрделі құбылыс саналады.

Сонымен, қоғамдағы әрбір азамат пен әрбір таптың көкейінен шығатын ортақ «ұлттық мәселені» айқындау саяси-әлеуметтік және экономикалық факторларды біріктіретін күрделі міндеттер қатарында. Қазақстан жағдайында қазақ елінен қазақ ұлтына концепциясын негіздеу әлі де алдағы зерттеулердің үлесінде.

Қазақ ұлтынан қазақстандық елге дейінгі күрделі де көпқырлы мәселені айқындаушы факторларға қойылар басты талап оның өміршеңдігінде болып қалмақ. Қазақстандық қоғамда қоғамдық санаға бағытталған құндылықтарды айқындау мен оларды сараптау, осы құндылықтардың бұқараны шоғырландыра, рухтандыра, біріктіре алатындай күші мен әсер етуін жүзеге асыратын билік пен бұқара арасындағы ықпалды белсенді аралық топтар мен азаматтық институт мекемелері жұмыс істеуі тиіс. Сол ықпалды да пәрменді топтың қатарында тұратыны БАҚ болып қала бермек.

Ее, ұлт, халық, этнос... Осылайша тізбектелетін бір-біріне мағыналас, синонимдес сөздердің түп-төркінін қарастырсақ. Даль сөздігінде: «Ел – жер өлкесі, аумағы, тұрғылықты мекен, аймақ, облыс, жер, мемлекет, әлемнің бөлігі деп анықтама беріледі», -деп анықтама беріледі [1, 104].

Халық, этнос, ұлт – бұл сөздер синонимдес келеді. Көптеген геосаяси жағдайларда ұзақ уақыт бойына адамдардың қауымдаса әрекет ете тіршілік етуімен айқындалатын, туыстық рухани ерекшеліктері біріктірген адамдардың қауымын білдіреді.

«Халық» сөзінің мағынасы көптеген мәнге ие. Мәселен, халық сөзінің рухани, экономикалық немесе саяси-құқықтық мағысымен қатар ұлттық немесе этнос деген мағынасы қатар аталып жүр.

Дегенмен адамдардың қоғамдық ортадағы материалдық жағдайы не рухани танымына қарамастан олар белгілі бір ұлттық не этникалық топтарға тиесілі халық өкілі болады. Яғни ұлттық, этникалық, халықтық тегісіз адам болмайтыны анық. Дегенмен ұлт не этнос сөзіне қарағанда халық сөзінің мағынасы кең, ауқымды екендігі даусыз. Сондықтан халық сөзі ұлттар мен этностарды рухани, саяси, экономикалық, географиялық т.б. жағынан біріктіретін қауымдастық ретінде таныған жөн. Саяси терминологияда ұлт немесе бірнеше ұлт қауымдастығы халық деп аталады.

Қоғамдық сана, қоғамдық пікірді атағанда алдымен, елдің елдігі, мемлекеттің мемлекеттігін айқындайтын, белгілейтін «Қазақ елі» тақырыбы күн тәртібінде тұрады. Міне, қазақ қоғамын ерекше толғандырған, бұқаралық сипат алған маңызды жаңалық баспасөз беттерінде жақсылықтың жаршысындай, бірді-бірге іліп әкетіп, құбылта, түрлендіре жар салғандай тарихи оқиға ретінде танылды.

Астананың бас алаңының төрінде, төрт қыры төрт түрлі барельефпен өрнектелген қазақ халықының мәңгілігін паш еткен алып монумент бой түзеді. Монументтің іргетасынан көгілдір көкке бой түзей ұмтылған биік мұнараның ұшар басында қанатын жая, қомдана, көк жүзіне самғай ұшып, сапарға аттанғалы тұрған құс патшасы – самұрық қонақтаған. Монумент қаланың қай тұсынан қарасаңыз да асқақ, айбарлы, тәкаппар көрінеді.

Монумент қазақ елінің тарихынан сыр шерте отырып, бүгінгі ахуалын баян ете, болашағына көз жіберетіндей. Алып ескерткіштің төрт бедері елдік рухтың төрт тірегін танытады. Ел – халықтың алтын ордасы, халық – елдіктің өзегі.

Сенат төрағасы Қ.Тоқаев: «Қазақ елі» монументі – еліміздің сан ғасырлық тарихына, ұлтымыздың ұлы перзенттеріне, олардың асыл мұратына, ата-жұртымызға арналған мәңгілік ескерткіш. Шын мәнінде, бүгінде Астана қаласында мағынасы терең осынау ескерткіштің ашылуы тарихи әділдіктің салтанат құруын айғақтайды. Еліміздің басты ескерткіші – «Қазақ елі» ұрпақтар

байланысын және уақыт үндестігін білдіреді. Бұл – ата-бабамыздың рухына тағзым етіп, жас ұрпақты ізгілікке, отан-сүйгіштікке бастайтын киелі орын. Міне, сондықтан да біз үшін оның маңызы зор», - деп елдіктің нышаны болған игі іске оң баға береді [2].

Қазақтілді басылымдарда «қазақ елі» тақырыбының жариялануында тұрақталған, қалыптасқан дәстүрлер бар. Солардың қатарында қазақ елінің өміріндегі жаңалықтар мен жетістіктерге шынайы қуанып, ақ көңілмен тілек айтар дәстүрді атауға болады. Жалпы, қазақ баспасөзіндегі бұл дәстүр алғаш тәуелсіздік алған жылдардан бергіуақытта тарихи ақтандақтарды ашу және руханиятты, өркениетті мұрамызды қайта әкелген үрдіс басым келді. Ақпарат ғасырына басқан кезеңде қазақ баспасөзі де сол жаһандық үрдістердің көлеңкесінде қалмау қамымен ұлттық сипаттағы жаңалықтар форматындағы ақпараттық медианы қалыптастыруда үздіксіз ізденісте. Ұлттық баспасөздегі тың ізденістер мен жаңа дәстүрлердің бастысы да осы «қазақ елі» концептінің бойына жинақталуда.

«Қазақ елі» тақырыбына келгенде қазақстандық БАҚ-тың көтерер жүгі де, атқарар міндеті де ерекше. Сондықтан бұқаралық медиа құралдарының алдында бұл тақырыпқа келгенде қазақ елін біріктіретін, ұйыстыратын, халықтың бірлігі мен достығын, бауырмалдығы мен ізгілігін бір арнаға бұратын ортақ үндестік алаңы болуы тиіс деген тұжырымға келуге болады [3].

Ең бастысы елдің санасын оятуда, ұлттық мүдде, ұлттық рухты көтеруде алдымен баспасөздің ерекше маңызға ие екендігі барша халыққа белгілі болуда.

Пайымдауымызша, қазақстандық газет, журналдар ортақ проблема төңірегінде қайшылыққа ұрынуға. “Егемен Қазақстаннан” бастап жасөспірімдерге арналған газеттер (қазақ тіліндегі) бүгінгі ауыл тағдырын ұлттық, халықтық, мемлекеттік деңгейге дейін көтеріп жазады. Ертең ауылдың ішкі өміріне үңіліп көз салатын күн туады. Сол кезде “Мына шындық баяғыда айтылған еді ғой. Неге дер шағында назар аудармадық?” деп бармағымызды шайнармыз. Орыс тілді басылымдар 1986 жылғы оқиғаны ақтауға ат салыспаған болатын, қазіргі қазақ халқы жанкештілікпен бастан өткеріп отырған тағдыр оларды алаңдатпайды.

Біз орыс тілді басылымдарды еркін оқи аламыз. Олардың ұстанған бағытын біліп жүреміз. Көзқарас, пікірлерімен санасамыз. Міне, бұл – тағы да қазақ журналистикасының бір ерекшелігі. Ал әріптестеріміз қандай? Олар “Караванның” аудармасына көз жүгіртеді де, “Е-е, қазақ баспасөзі әсіре ұлтшыл екен” деп өздерінше болжам жасайды. Сонда ұшқары пайымның жетегіне еріп, ортақ проблеманың екінші жағына шығып алады. Көзі ашық әріптестеріміздің өздері сүйтіп тоң-торыс жүрген соң, былайғы жұрт не ойламайды?

Біздіңше, қазақ баспасөзі жазып жатқан қабырғалы мәселелерді бұрмаламай, тура орыс тіліне аударатын дәнекер басылым керек.

Кейде “Егемен Қазақстанда” ылғи салмақты материалдар жарияланады, оқуға ауыр деген сияқты пікір естіліп қалады. Материалдың салмақтылығы – оның кемшілігі деу қалай болар екен? Өйткені “Егемен” мен “Қазправданың” атқарып отырған салиқалы ісін “Караван” секілді басылымдар ылғи “тартымды” материалдармен түпкілікті тыңдыра алмайды. Олардың алдына қойған мақсат-мүддесі де мүлде бөлек қой. Өмір салты да ұқсамайды. Әрі-беріден соң бүгінгі журналистика сонысымен қызық, күрделі.

Бұл жылдары “Егемен Қазақстан” газеті бұрыннан қатып қалған қасаң тақырыптардан, бір-бірінен аумайтын кескін-келбеттен арылып, Тәуелсіз елдің жаңа мазмұндағы, жаңа сипаттағы газеті ретінде жарық көре бастады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жазылған мақалаларға батылдық, өткірлік, өзектілік тән еді.

Халықтың жоғын жоқтаған қаламгерлеріміз - Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов, Ержұман Смайыл т.б. елдік мәселелерге арналған публицистикалық мақалалары осы газеттің бетінде жарияланды. Белгілі публицистер – Камал Смайылов пен Шерхан Мұртазаның екеуара жазысқан хаттары да елдің ертеңіне алаңдаушылықтан туған еді.

Байқағанымыз, қазақ тілінің мәселесі – БАҚ-тағы ең көп әрі жиі қозғалатын тақырып екендігі шындық. Ұлттық идеяны айқындаушы фактор ретінде қазақ тілінің түлеуі, қазақ тілін қызғыштай қору, қазақ тілін шет тілдерінің ықпалынан тазалау сияқты мәселелердің көбінде ұлттық апталық «Ана тілі», тәуелсіз басылым «Жас қазақ», мемлекеттік басылым «Егемен Қазақстанда» да өткір жазылуы, өзектілігін таңбалап басып көрсетуі де ұлттық идеяны айқындаушы басты факторлардың бірі екендігін әйгілей түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского. – Санкт-Петербург, 1882.
2. www.egemen.kz
3. Хамзееұлы А. «Қазақ елі» деген лайық // Ана тілі, 30 сәуір-6 мамыр 2009.

## ЭПОСТАҒЫ КӨНЕ ДӘУІР МАҒЛҰМАТТАРЫ

*Рахымов Б.С., ф.ғ.д., профессор,  
Әлеуханова А.Т., магистрант,  
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Қазақ фольклорындағы өлеңмен берілген эпикалық мұрамыздың ең көркемі, ең көлемдісі эпостар екені мәлім. Фольклордың басқа тектері мен түрлеріне қарағанда ең көп тексеріліп, қызыға және құлшына зерттелген саласы да эпостар екені анық. Осы уақытқа дейін эпостың жиналуы, жариялануы, зерттелуі туралы өзіндік шежіре қалыптасып үлгерді. Соның ішіндегі мәндісі эпостың дүниеге келуіне түрткі болған оқиғалар, көлемді жырдың шығу тегі мен дамуы және тарихилығы туралы біршама зерттеулер жүргізілді. Осындай зерттеулердің нәтижесінде эпостың тегі мен түрлеріне үніліп, жанрлық жіктеулер жасауға талпыныс қалыпты жолға түсті. Қазақ эпосын бұл тұрғыда түсіндірушілер көбіне академик Ә.Х.Марғұлан мен профессор Ә.Қоңыратбаевтың жіктеулеріне сүйенеді. Ең алдымен сол жіктеуге орын беріп, қазақ эпосының төмендегі бөлінісіне назар аударайық:

- 1.Ертегілік эпос («Ер Төстік», «Құла Мерген», «Таласбай мерген», «Дотан», «Мұңлық - Зарлық»)
- 2.Түркі қағанаты дәуірінде туған жылнамалық эпос («Орхон жазулары», «Күл-Тегін» жайындағы жырлар)
- 3.Оғыз эпосы («Кітаби дадам Қорқыт» жырлары, «Оғызнама»)
- 4.Тайпалық эпос («Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар», «Шора батыр»)
- 5.Лиро эпос («Қозы-Көрпеш», «Қыз Жібек»)
- 6.Ноғайлы эпосы («Орақ-Мамай», «Қарасай-Қази», «Ер Тарғын», «Қырымның қырық батыры» жырлары)
- 7.Тарихи эпос («Бекет», «Досан батыр», 1916 жыл поэзиясы)
- 8.Шығыс дастандары («Рүстем Дастан», түрлі қиссалар)
- 9.Авторлық эпос («Еспембет», «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Нар қыз»)
- 10.Совет эпосы (Аманкелді, Мәлік, Төлеген туралы жырлар) .

Дәл осы жіктеуді басында қазақ эпосының жанрлық бөлінісі деп ұғып, тек пен түрге қатысты бағалағандар болған. Қазақ эпосын тегі жағынан жинақтап, жанрлық тұрғыдан түсіндірген ғалымдар негізінен төмендегідей түрлерге жіктеді:

- 1.Көне эпос
- 2.Батырлық эпос
- 3.Лиро – эпос
- 4.Тарихи жырлар
- 5.Діни дастандар

Бұл әлемдік тұрғыдағы эпосты жіктеу тәжірибелеріне сәйкес, ғылыми тұрғыдан дұрыс тұжырым екендігі аян. Жоғарыдағы алғашқы жіктеудің қазақ эпосын тақырыптық және дәуірлік жағынан ерекшелеу десекте, оның дәуірлік жағынан сәйкеспейтін тұстары бар. Мұнда қазақ хандығының қалыптасуы, ондағы эпос тудырған оқиғалар ескерілмеген. Екіншіден, қазақ тарихи жырларының тақырыптық және жанрлық жіктелісі хронологиялық тұрғыдан дұрыс берілмеген. Үшінші, діни дастандар туралы ештеңе айтылмаған. Кейінгі қазақ эпосын немесе ұлттық фольклорды дәуірлік жағынан бөліп, жүйелеп түсіндірмекші болған ғылыми диссертациялық жұмыстарда да бұл мәселе сол қалпында бағаланып жүргені баршаға белгілі. Біз бұл мәселеге тарихи өлең, тарихи жырларға қатысты мәселелерде де тоқталамыз.

Ендігі айтпағымыз эпостық тарихилығы туралы болмақ. Басында да айттық, қазақ эпосының тарихқа қарым-қатынасы зерттеу еңбектерде де айтылған. Өткен өмірдің ізі, сәулесі эпостық